КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2024 жылғы 13 тамыз №7119-24-00-2/9812 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ШЖҚ РМК)

ЖАУАПКЕР:

«НҰРАСЫЛ» жеке кәсіпкері (бұдан әрі-ЖК)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" ШЖҚ РМК жауапкер «НҰРАСЫЛ» ЖК қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«НҰРАСЫЛ» ЖК ЖСН 911109301499 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«НҰРАСЫЛ» ЖК ЖСН 911109301499 мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«НҰРАСЫЛ» ЖК ЖСН 911109301499 Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы" ШЖҚ РМК БСН 990740002243 пайдасына 18 802 (он сегіз мың сегіз жүз

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

екі) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 565 (бес жүз алпыс бес) теңге көлемінде сот шығындары өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Құжатқа қол қойылған: Нұрланов Б. К., 13.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.09.2024, судья Утегенова А. М., 24.09.2024

7119-24-3-1/9438